



**Автор:** Ахметова Айгуль Кайратовна  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Қоршаған ортаны қорғау  
**Тақырып:** Пайдалы өсімдіктер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну; 4.4.5.2 сөздерге қосымша жалғау кезінде үндестік заңын сақтау.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: өсімдіктер туралы мәліметтермен, реттік сан есімнің жұрнақтарымен танысады. Көбі: берілген ақпараттарды өз тіліммен жеткізуге, ауызша және жазбаша реттік сан есімнің жұрнақтарын қолдануға тырысады. Кейбірі: берілген ақпараты толық жеткізеді, реттік сан есімнің жұрнақтарын орынды қолданады
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: сексеуіл, қоға, жусан, алабота. Әңгімелеу мен жазу үшін пайдалы сөздер мен сөз тіркестер.
Күтілетін нәтиже:	Барлығы: өсімдіктер туралы мәліметтермен, реттік сан есімнің жұрнақтарымен танысады. Көбі: берілген ақпараттарды өз тіліммен жеткізуге, ауызша және жазбаша реттік сан есімнің жұрнақтарын қолдануға тырысады. Кейбірі: берілген ақпараты толық жеткізеді, реттік сан есімнің жұрнақтарын орынды қолданады ттт
Бағалау критерийлері:	Жаңа сөздердің, мәтіннің мағынасын түсінеді, сөйлемдерді ауызша айта алады; сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	өсімдіктердің пайдасын танып қолдану білу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация
Пәнаралық байланыс:	дүниетану
Бастапқы білім:	Емен ағашы

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	1. Сәлемдесу. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Оқушылар сәлемдеседі: Армысын, алтын күн! Армысын, алтын аспан! Армысыңдар, достарым! Сендерді көрсем қуанам! 2. Үй жұмысын тексеру а) қайталау; ә) өз бетінше орындау; б) Өзара тексеру, критерий мен дескриптор ақылы бағалау.	слайд-1,2,3 -үй жұмысының карточкасы

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар			
<p>Сабақтың ортасы (30 минут)</p>	<p><b>1. Жаңа ақпаратты тыңдау.</b></p> <p>- Балалар, бүгін сендердің сыныптастарың сендерге өсімдіктер туралы мәлімет жасап келді. Мұқият тыңдайық. Оқушылар өз суреттерімен шығады.</p> <p>1-оқушы. Түймедақ — өте пайдалы өсімдік. Себебі оның гүлінде адам ағзасына оң әсерін беретін эфир майы бар.</p> <p>2-оқушы. Қалақай тағам ретінде және медицинада пайдаланылады.</p> <p>3-оқушы. Шырша қылқан жапырықты ағаштарға жатады. Иісі керемет, түрлі микробтар мен вирустарды жоятын қасиеті бар.</p> <p>4-оқушы. Пияз суды жақсы тазалайды. Ыдыстағы суға оның бір түйірін салып жіберсе, судың жаман дәмін алады.</p> <p><b>2. Тақырыпты ашу</b></p> <p>- Балалар, қалай ойлайсыңдар өсімдіктер адамға көмектесе ме?</p> <p>- Ия, көмектеседі.</p> <p>- Қалай көмектеседі?</p> <p>- Ағаштан от жағады, үй салады, жиһаз жасайды, шөптерден дәрі жасайды, гүлдерді сыйлайды.</p> <p>- Жақсы, жарайсыңдар!</p> <p>- Осындай өсімдіктер адамдарға пайда әкеледі.</p> <p>- Балалар, қалай ойлайсыңдар сабақтың тақырыбы қандай болады?</p> <p>- Сабақтың тақырыбы: Пайдалы өсімдіктер</p> <p>- Дұрыс, рақмет!</p> <p>- Сабақтың мақсаттарымен танысайық (слайдтардан бір-бірден оқиды).</p> <p>3. Жаңа сөздермен жұмыс</p> <p>а) Оқу, қайталау</p> <p>ә) Сөз тіркесін, сөйлем құрастыру</p> <p>4. Реттік сан есіммен таныстыру</p> <p>- Балалар, біз қандай сан есімнің мағыналық түрлерін білеміз?</p> <p>- Жинақтық сан есім, болжалдық сан есім.</p> <p>- Бүгін сабақта реттік сан есіммен танысамыз. Реттік сан есім -ншы, -нші, -ыншы, -інші жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы: алты-алты+ншы, елу жеті+нші, он бес – бес+інші, тоғыз – тоғыз+ыншы. (оқушылар мысалдарын келтіреді)</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>I. «Пазл» ойыны Критерий: өсімдіктердің суреттерін ажырату. Дескриптор: берілген уақытта әр топ 3 суретті жинайды, суретте бейнеленгенін айтады.</p> <p>1-топ «Түймедақ» Сексеуіл, қоға, түймедақ.</p> <p>2-топ «Қалақай» Жусан, алабота, қалақай.</p> <p>II. «Тілші мен хатшы» ойыны.</p> <p>Критерий: 3 минуттың ішінде екі өсімдік туралы тілші хатшыға мәліметті жеткізеді, хатшы жазып оқиды.</p> <p>Дескриптор: сөйлемдерді толық жазады.</p> <p>1-топ «Түймедақ» Сексеуіл мен қоға</p> <p>2-топ «Қалақай» Жусан мен алабота</p> <p>Өзара тексеру: Топтар бір-бірін тексеріп, дұрыс жауапқа жасыл стикер жабыстырады, ал қатемен жазылған сары, тіпті дұрыс емес болса қызыл стикер жапстырады.</p> <p>Жауап: 1-топ «Түймедақ»</p> <p>Сексеуіл – құмды шөлдің қорғаны. Бұтақтары түйе мен қойға – азық. Отқа да пайдаланады. Қоға тұрмыста көп қолданады. Одан арқан, жіп тоқиды. Мықты қоржын жасайды.</p> <p>2-топ «Қалақай»</p> <p>Жусанмен адамды емдейді. Іш ауыруын жеңілтеді. Оның иісі ауаны тазартады. Алабота өзен жағасында өседі. Оны күзде жинап алады. Сабын да жасайды.</p> <p>III. Тыңдалым.</p> <p>Критерий: Мәтінді 2 рет мұқият тыңдап тасырмаларды орындайды.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>1) 2 сұраққа жауапты белгілейді;</p> <p>2) мәтіндегі өсімдіктердің атауын ретімен жабыстырады, өсімдік пен оның пайдасын жабыстырып, анықтайды.</p> <p>1. Мәтін кім туралы?</p> <p>А. Патша Ә. Қария Б. Уәзір</p> <p>2. Мәтінде қандай өсімдіктер туралы айтылған?</p> <p>А. зиян Ә. пайдалы Б. Ешқандай</p> <p>3. Сәйкестендір.</p> <table border="1" data-bbox="316 2175 1137 2231"> <tr> <td>Бірінші</td> <td>Жусан</td> <td>Одан сабын дәрі жасаймын.</td> </tr> </table>	Бірінші	Жусан	Одан сабын дәрі жасаймын.	<p>Слайд-4 Слайд -5 Слайд-6 Слайд-7 Слайд-8 Слайд -9 Слайд-10 Слайд -11 Пазл қиықтары 6 дана (түймедақ, сексеуіл, қоға, жусан, алабота, қалақай) Слайд – 12 Стикерлер (қызыл, сары, жасыл) Слайд-13</p>
Бірінші	Жусан	Одан сабын дәрі жасаймын.			

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (2 минут)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, сабақтың тақырыбы қандай болды?</li> <li>- Сабақтың тақырыбы: Пайдалы өсімдіктер.</li> <li>- Сабақта қандай жаңа ақпарат алдыңдар? Не үйрендіңдер?</li> <li>- Сексеуіл, алабота, түймедақ, қалақай, қоға, жусан туралы ақпарат алдық.</li> </ul> <p>Реттік сан</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сабақ ұнады ма?</li> <li>- Иә, ұнады.</li> </ul> <p>Үй жұмысы сөздерді ауызша, жазбаша жаттау, ережені жаттау. Мәтінді оқу, 3 сұрақ құрастырып жаттау.</p>	
Рефлексия (1 минут)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, мынау не?</li> <li>- Кемпірқосақ астына тамшыларды ілейік. Сабақта бәрін түсіндім күлімсірген тамшы, түсінгенім жартылай – түрі ойланып тұрған тамшы, ештеңі түсінбедім - мұңайып тұрған тамшы.</li> </ul>	